

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі  
№ 1 хаттама, «28» тамыз, 2024 жыл



Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және  
қорытынды аттестаттау өткізу  
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024 жыл

Болашақ университетінің білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі (Ереже) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық бақылау және қорытынды аттестаттаудың тәртібін айқындайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеруді университет өзі дербес қорытынды бақылаудың емтихан тапсыру және сараланған (дифференциалдық) сынақ, сынақ түрінде жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің тәртібін университеттің академиялық саясатына және 1 - кестеге сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша белгіленеді.

1-кесте

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің (модулінің) әр тақырыбы бойынша өткізіліп, дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды. Ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингінің бағасы) дәрісханалық сабақтардағы және білім алушының өзіндік жұмысын тапсырудағы ағымдық бақылау мен аралық бақылау бағаларынан жинақталады.

Үлгерімнің ағымдық бақылауы кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері, әрбір орындаған тапсырмалары (күнделікті сабақтардағы жауап, үй тапсырмаларын орындау, білім алушының өзіндік жұмысы, аралық бақылау) 100 балдық шкала бойынша бағаланып, ағымдық бақылаудың соңғы қорытындысы академиялық кезеңде алынған барлық бағалардың орта арифметикалық қосындысы ескеріле отырып есептеледі.

Осындай әдіс аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде де қолданылады.

Аралық бақылау әрбір пән (модуль) бойынша бір академиялық кезеңде екі рет өткізіледі.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің (модульдің) барлық кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру түрі болып табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалауды көздейді.

Курстық жұмыстарын (жобаларын) тапсырмаған білім алушылар тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

Емтихан сессиялары қысқы және жазғы болып бөлінеді. Сонымен қатар жазғы демалыс уақытында қосымша жазғы семестр өткізілуі мүмкін.

Емтихан сессиясының мезгілдігі және ұзақтығы университеттің Ғылыми Кеңесімен бекітілген академиялық күнтізбе және білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарымен айқындалады.

Емтихандар ауызша-жазбаша немесе тест түрде өткізіледі.

Тест түріндегі емтихандарды Тіркеу офисі қабылдайды.

Ауызша-жазбаша түрде өтетін емтихандарды дәріс берген оқытушы қабылдайды.

Емтиханға оқу процесінің тіркеуші офисінің рұқсатынсыз емтиханға қатысы жоқ басқа қызметкерлерге кіруге болмайды.

Жоғары мектеп деканы оқу ақысын толық төлеген, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде жоқ білім алушылардың сессияға жіберілу туралы өкім шығарады.

Емтихан сессиясына жіберу туралы өкімде білім алушының аты-жөні, курсы, білім беру бағдарламасы және академиялық тобы көрсетіледі.

Аталған пән (модуль) бойынша жіберу рейтингісін алмаған (жіберу рейтингісі 50 балл) білім алушылар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді.

Қорытынды бақылауда білім алушының үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Әр пән (модуль) бойынша емтихан аяқталған соң білім алушыға оның оқу жетістіктерінің бағасы болып табылатын қорытынды баға қойылады.

Пәннің (модульдің) қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингісінің бағасы (орташа рейтинг) мен қорытынды бақылау бағалары кіреді.

Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) пән (модуль) бойынша қорытынды бағаның 60%-ын құрайды және емтихан бағасы пән (модуль) бойынша қорытынды бағаның 40 %-ын құрайды.

Оң қорытынды баға тиісті пән (модуль) бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып, білім алушының транскриптіне жазылады.

Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда пән (модуль) бойынша қорытынды баға есептелмейді.

"FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес

қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Транскрипте FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

Оқу пәндері мен (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын оқуды бітіргеннен кейін білім алушыға академиялық кредиттерді беру жалпы олар қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған кезде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін (модульдерін) оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 4 апта қосымша жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

Қорытынды бақылауда қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Жоғары мектеп деканы кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік және т.б. дәлелді себептерге байланысты) білім алушыға емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады.

Жоғары мектеп деканы білім алушыға дәлелді себебін (денсаулығына, сәбиінің дүниеге келуіне, жақын туыстарының қайтыс болуына, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына және т.б. байланысты жағдайларды) растайтын анықтамалар тапсырған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруына рұқсат береді.

Барлық оқыту нысанына арналған емтихандар кестесін жоғары мектеп декандары тіркеуші офисімен бірлесе жасайды.

Емтихандар кестесін академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді. Сессия басталғанға дейін бір апта мерзімінен кешіктірмей емтихандар кестесі білім алушылар мен оқытушылар назарына жеткізіледі.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушыға жоғары мектеп декандары тіркеуші офисімен бірлесе қайта тапсыру кестесін жасайды. Қайта тапсыру емтихандары оқу тобының негізгі емтихандары аяқталғаннан кейін өткізіледі.

Емтиханға келгенде білім алушының қолында жеке басын куәландыратын құжат болуы міндетті.

Қорытынды бақылау өткізу үшін оқу процесінің тіркеуші офисі тарапынан емтихан қабылдаушыға білім алушылардың академиялық кезеңде жинаған балдары мен жіберілу рейтингісі көрсетілген бағалары қойылған емтихан ведомосын береді.

Білім алушының пән (модуль) бойынша дәрісханалық жұмысының, оқытушымен өзіндік жұмысының және аралық, қорытынды бақылау (емтихан) жұмыстарының әрқайсысы, сондай-ақ сабақтардағы әрбір жауап, тапсырылған жеке тапсырма, әрбір зертханалық жұмыс және реферат 1-кестеде көрсетілген әріптік балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес 100 балдық (100 пайыздық) шкала бойынша бағаланады.

Пән (модуль) бойынша ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) дәрісханалық сабақтардағы және білім алушының өзіндік жұмысын тапсырудағы (БАӨЖ-дағы) ағымдық бақылау мен аралық бақылау бағаларынан жинақталады.

Білім алушының пән (модуль) бойынша қорытынды бағасының 60%-ын оқытушы

бағалайды (ағымдық бақылау), ал емтихан бағасы қорытынды бағаның 40%-ын құрайды, қорытынды бақылау (емтихан) оқу процесін тіркеуші офисі арқылы ауызша-жазбашанемесе тест түрінде өткізіледі.

Ауызша-жазбаша емтиханды бағалау 1-кестеде көрсетілген әріптік балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес 100 балдық (100 пайыздық) шкала бойынша бағаланады.

Емтихан сұрақтары бойынша пән оқытушысы пән ерекшелігіне қарай бірнеше сұрақтан (3-5) тұратын билеттер дайындайды. Дайындалған емтихан билеттерін Жоғары мектеп деканы бекітеді және емтихан билеттері конвертке жоғары мектеп мөрімен мөрленеді.

Ауызша-жазбаша түріндегі аралық бақылауды бағалау 1-кестеде көрсетілген әріптік балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес 100 балдық (100 пайыздық) шкала бойынша бағаланады.

Ауызша-жазбаша емтихан үшін дайындалған үш деңгейлік сұрақтар кафедрада бекітіліп, деректер қорына еңгізіледі.

Ауызша-жазбаша емтихандық жұмыс білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Емтиханның 1-ші сұрағы - ең жоғары 100 пайызға дейін, 2-ші сұрағы - ең жоғары 100 пайызға дейін, 3-ші сұрағы - ең жоғары 100 пайызға дейін бағаланады. Бағалау нәтижесі берілген жауаптың дұрыстығына, толықтығына, жіберілген қателіктің көлеміне байланысты болады. Пән (модуль) бойынша ауызша-жазбаша емтиханның қорытындысы білімалушының 3 сұрақ бойынша бағаларының орта арифметикалық қосындысы түрінде анықталады.

Емтихан аяқталғаннан кейін жауап парағы жиналып пән (модуль) бойынша бекітілген эксперттерге беріледі. Эксперттер бағалап болғаннан кейін емтихан ведомосы толтырылады. Ведомостқа қойылған бағаны оқу процесін тіркеуші офисінің әдіскері «Платонус» жүйесіне енгізеді.

Тест түрінде өткізілген аралық бақылауда білім алушыға 20 сұрақ беріледі. Аралық бақылаудың тест түріндегі бағалау көрсеткіші 2-ші кестеде берілген.

2-кесте

**Тест түріндегі аралық бақылау көрсеткіші (20 сұрақ бойынша)**

Тест балы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	Пайыздық құрамы, %
20-19	A	95-100
18	A-	90-94
17	B+	85-89
16	B	80-84
15	B-	75-79
14	C+	70-74
13	C	65-69
12	C-	60-64
11	D+	55-59
10	D-	50-54
5-9	FX	25-49
0-4	F	0-24

Ал, тестілеу емтиханында білім алушыға 30 сұрақ беріледі. Бағалау көрсеткіші 3-кестеде берілген.

3-кесте

### Тест түріндегі қорытынды бақылау көрсеткіші (30 сұрақ бойынша)

Тест балы	Әріптік жүйе бойынша бағасы	Пайыздық құрамы, %
29-30	A	95-100
27-28	A-	90-94
26	B+	85-89
24-25	B	80-84
23	B-	75-79
21-22	C+	70-74
20	C	65-69
18-19	C-	60-64
17	D+	55-59
15-16	D-	50-54
11-14	FX	25-49
0-10	F	0-24

Білім алушы 1-аралық бақылауды тапсырмаған жағдайда 2-аралық бақылауға жіберіледі. Сондай-ақ, білім алушы екі аралық бақылаудың біреуін немесе екеуін де тапсырмаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

Егер білім алушы аралық бақылауды белгілі себеппен мерзімінде тапсыра алмаған жағдайда, Жоғары мектеп деканының рұқсатымен аралық бақылауды тапсырады. Жоғары мектеп деканының өкімімен 2-аралық бақылауға дейін 1-аралық бақылауды, 2-аралық бақылауды сол пәннен (модульді) емтиханға дейін тапсыра алады.

Білім алушының дәрісханалық сабақтарда алған ағымдық бақылау бағасы пән (модуль) бойынша қорытынды бағаның 40%-ын құрайды, аралық бақылау бағасы 20%-ын, қорытынды бақылау (емтихан) бағасы қорытынды бағаның 40%-ын құрайды, яғни дәрісханалық сабақтардағы ағымдық бақылаудың пайыздық бағасының орташа мәні 0,4 коэффициентке, аралық бақылаулардың пайыздық бағаларының орташа мәні 0,2 коэффициентке және емтиханның пайыздық бағасы 0,4 коэффициентке көбейтіледі.

Пән (модуль) бойынша қорытынды баға келесі формуламен анықталады:

$$I = C_p - 0,4 + P_{cp} - 0,2 + E - 0,4$$

мұндағы:  $C_p$  - дәрісханалық сабақтардағы ағымдық бақылаудың пайыздық бағасының орташа мәні, ол білім алушының дәрістік, практикалық (семинар), зертханалық, сабақтарда және басқа тапсырмаларды орындағанда алған бағаларының арифметикалық қосындысының орташа мәніне тең болады;

$P_{cp}$  - аралық бақылаулардың пайыздық бағаларының орташа мәні, ол білім алушының екі аралық бақылауды тапсырып алған бағаларының арифметикалық қосындысының орташа мәні;

$E$  - емтиханның бағасының пайыздық мөлшері.

Платонус жүесінен шыққан қорытынды емтихан ведомостіне емтихан қабылдаушы оқытушылар қол қояды.

Егер білім алушы емтихан кезінде F сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алса, онда сол пәннің толық курсы игеру үшін қосымша жазғы семестрге ақылы негізде қайта оқуға қалдырылады.

Егер білім алушы оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға келмесе, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Білім алушының дәлелді себептері болған жағдайда жоғары мектеп деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «келген жоқ» белгісі «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріліп, қайта тапсырылуы қосымша жазғы семестрде жүзеге асырылады.

«Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан нәтижелері 1- кестеге сәйкес әріптік балдық-рейтингтік жүйе негізінде жоғарыда көрсетілген тәртіпке сәйкес бағаланады.

Әрбір оқу жылының аяғында білім алушының оқу жетістіктері бойынша үлгерімнің орташа балы - GPA есептеліп шығарылады. GPA былайша анықталады: оқу пәніне берілген кредит көлемі мен білім алушының сол пәннен алған қорытынды балының (1-ші кестеде берілген) көбейтіндісі оқу жылына жоспарланған барлық пәндер бойынша қосылып, сол пәндердің жалпы кредитінің санына бөлінеді. Формуласы:

$$GPA = \frac{K_1 \cdot \bar{b}_1 + K_2 \cdot \bar{b}_2 + \dots + K_n \cdot \bar{b}_n}{K + K_2 + \dots + K_n}$$

Мұндағы  $K_n$  - әрбір пән бойынша кредиттердің саны,  $\bar{b}$  - білім алушының әрбір пәннен алынған қорытынды балы.

Білім алушының курстан курсқа өту балы GPA болып табылады. Ғылыми кеңестің шешімімен білім алушыны курстан курсқа өту балы (GPA) белгіленген (4,5 кестелер).

### Бакалавриат

4-кесте

Курс	Өту балы GPA	Әріптік бағалау жүйесі бойынша
1-курстан 2-курсқа	1,5	D+
2-курстан 3-курсқа	1,67	C-
3-курстан 4-курсқа	1,84	C-

### Магистратура

5-кесте

Курс	Өту балы GPA	Әріптік бағалау жүйесі бойынша
1-курстан 2-курсқа	2,3	C+

Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының нәтижелері бойынша оқу жылына бекітілген өту балын алған және оқу ақысын толық төлеген (оған оқу жылына бекітілген оқу ақысы, қосымша білім алу үшін игерілген кредиттердің оқу ақысы, академиялық қарыздар немесе оқу жоспарларындағы пән айырмашылықтары бойынша оқу ақысы, орташа үлгерім балын (GPA) көтеру үшін тапсырылған пәндердің кредиттерінің оқу ақысы т.б. жатады) білім алушылар Жоғары мектеп деканының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

Оқу ақысын толық төлемеген білім алушылар жоғары мектеп деканының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен оқудан шығарылады.

Ең төменгі өту (GPA) балын ала алмаған білім алушы оқу курсына қайта оқуға қалдырылады немесе оқудан шығарылады. Қайта оқу курсына қалдырылған жағдайда білім алушы жеке оқу жоспарын толықтырады немесе жаңа жеке оқу жоспарын жасайды.

Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді (модульдерді) (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазақстан тарихы» пәнінен басқа) белгіленген тәртіп бойынша, ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден (модульдерден) қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

Қайта тапсырылған емтиханнан қанағаттанарлық нәтиже алған жағдайда

қорытынды баға қайта есептеліп, ол емтихандық ведомосы мен транскриптке жазылады.

Тіркеуші офісі транскриптте көрсетілетін оқудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын жүргізеді. Транскрипт оқудың кез келген кезеңінде білім алушының сұрауы бойынша беріледі.

Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде «қанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін «FX» немесе «F» бағалары міндетті түрде жазылады.

Орташа үлгерім балын есептеуде әр пән (модуль) бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

Білім алушы университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен университет жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз өтінішіне сәйкес.

Бітіруші курстың білім алушысы жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

Қорытынды аттестаттау (кешенді емтихан, диплом жұмысын (жобаны) қорғау, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау) бойынша білім алушылардың білімі 1-кестеге сәйкес әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтары, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

Өту балы жетіп, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар білім алушы сол пәнді (модуль) ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

Емтихан сессиясының қорытындысы және оқу үрдісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін кафедра, жоғары мектеп мәжілістерінде, университеттің Ғылыми кеңесінде талқылануға ұсынылады.

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 8 академиялық кредитті құрайды.

Академиялық ұтқырлық – бұл «Болашақ» университетінің білім алушыларының, магистранттарының және ПОҚ-ның белгілі бір академиялық мерзімге (семестр немесе оқу жылына) Қазақстанның немесе Шетелдік жоғары оқу орынына білім алу (немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу) үшін ауысуы.

«Болашақ» университетінің академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асыру туралы аталмыш ереженің мақсаты мен міндеттері: ПОҚ және білім алушылардың біліктілік деңгейі мен білім сапасын көтеру; білім беру үдерісіндегі технологиялармен, инновациялармен, білімдерімен алмасы, ғылыми зерттеулер; ғылым мен білім беруді интернационалдыру; Болон үдерісінің принциптерін іске асыру.

#### **Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық қамтиды:**

«Болашақ» университеті білім алушыларын, магистранттарын берілген дайындау бағыты (білім беру бағдарламасы) бойынша оқудың нормативті мерзімін ұлғайтпай, оқу мерзімін қабылдай отырып, шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту;

«Болашақ» университетімен екіжақты ынтымақтастық орнатқан шетелдік оқу орындары мен білім беру ұйымдарының білім алушылары, қызметкерлері академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа да білім бағдарламалары аясында «Болашақ» университетінде білім алып, тәжірибе алмаса алады;

Оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерінде қызмет етуі;

Шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерінің қызметкерлері «Болашақ» университетінің білім алушылары, магистранттары мен жас мамандарына дәріс оқып,



семинар, консультациялар жүргізуі.

**Ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық қамтиды:**

Білім алушыларды, магистранттарды берілген дайындау бағыты (білім беру бағдарламасы) бойынша оқудың нормативті мерзімін ұлғайтпай, оқу мерзімін қабылдай отырып, Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында оқыту;

Оқытушылардың Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында қызмет етуі;

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарымен ғылым мекемелері қызметкерлерінің «Болашақ» университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша дәріс оқып, семинар, консультациялар жүргізуі.

Жеке академиялық ұтқырлық - білім алушының белгілі бір мерзімге басқа білім беру мекемесіне (Қазақстанда немесе шетелде) білім алу үшін ауысуы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын бітірген бітірушілердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), білім беру бағдарламаларын, берілген дипломдардың нөмірлері мен күнін көрсете отырып, білім беру ұйымының бірінші басшысының электронды цифрлы қолтаңбасымен қол қойылған тізімі тиісті бұйрық шығарылғаннан кейін бір ай мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесіне ұсынылады.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор:



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер  
жөніндегі басқарма  
басшысы:



А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика  
жоғары мектебі деканы:



Ж.Ж.Серкебаев


Бизнес, техника және технология  
жоғары мектебі деканы:



М.Ə.Ембергенов

Құрастырған:

Тіркеу офісінің жетекшісі:



К.У.Исхахова